

Жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізілімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 98 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 наурызда № 10487 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 14 мамырдағы № 532 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 19.05.2016 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 25-тармақшасына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Жарылғыш материалдарды сақтауға, рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізілімі» бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция
к о м и т е т і :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
м е м л е к е т т і к т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты тиісті қызметтер қызметкерлерінің зерделеуін ұйымдастырсын және оны мүлтіксіз орындауды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаеқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

полиция генерал-лейтенанты

*М и н и с т р
Қ. Қасымов*

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы
Ж. Қасымбек

2015 жылғы 18 ақпан

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2015 жылғы 21 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 10 ақпандағы № 98
бұйрығымен бекітілген

Жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізбесі

р/с №	Рұқсат талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	Сақтауға жататын жарылғыш материалдардың атауы, саны (салмағы, өлшемі) көрсетіледі	Осы жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Рұқсат талаптары) жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны (бұдан әрі - мәліметтер нысаны)	
2.	Меншік құқығындағы немесе өнеркәсіптік, өрт, санитарлық-эпидимиялогиялық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін өзге заңды негіздегі жарылғыш материалдар қоймасының болуы	Жарылғыш материалдар қоймасы паспортының көшірмесі, жалға беру келісім шартының көшірмесі (жалға алған жағдайда)	
3.	Жеке күзет ұйымы немесе ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөліністері жүзеге асыратын жарылғыш материалдар қоймасына қаруланған күзеттің болуы	Осы Рұқсат талаптарына қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны	
4.	Адамдардың (заңды тұлғаның жұмыскерлерінің) жарылғыш материалдармен байланысты жұмысқа рұқсатының болуы	Құжат берілмейді	

5.	Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және сату жөніндегі қызметпен айналысу құқығы	Құжат берілмейді	«Е-лицензиялау» мемлекеттік дерек базасынан мәліметте
6.	Заңды тұлғаны кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу	Құжат берілмейді	«Заңды тұлғала мемлекеттік дерек базасынан мәліметте

Жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізбесіне қосымша

Жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру үшін қажетті рұқсат талаптары мен құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны

Күзет қызметіне лицензиясы бар жеке күзет ұйымы немесе ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөліністері жүзеге асыратын жарылғыш материалдары қоймасын қарулы күзетуге арналған келісімшарттың нөмірі мен қол қойылған күні	Келісімшарт жасасқан күзет ұйымының күзет қызметімен айналысу құқығына берілген лицензияның сериясы, нөмірі, берілген күні	Жарылғыш материалдардың атауын, саны (салмағы, мөлшері)	Жарылғыш материалдардың сақтау орны (орналасқан мекенжайы)	Материалдарды сақтауға жауап адамның тегі, әкесінің аты (ол б жағдайда) (же куәлігінің нем паспорттының нөм